

Жаһанда медианың болашағын анықтайтын негізгі трендтердің бірі – бұл ЖИ мен жана медианың интеграциясы. Қазіргі заманғы медиа саласы үнемі өзгеруде және бұл өзгерістердің көпшілігі жасанды интеллект технологиялардың дамуымен тығыз байланысты. Жасанды интеллекттің медиа саласында қолданылуы ақпараттық қауіпсіздіктің жана сын-қатерлерін тудырумен қатар, стратегиялық мүмкіндіктерді де ашады.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖУРНАЛИСТІҢ ОРЫН БАСА АЛА МА?



Жасанды интеллект БАҚ-та ақпаратты жинау мен мазмұнды генерациялаудан бастап, жаңалықтарды таратуға дейін кеңінен қолданылады. «Қазірдің өзінде ЖИ жүйелері медиа нарықта оң көзқарасқа ие болып, басқа да ақпарат құралдарымен бәсекеге түсе бастады», – дейді «Reuters» институтының сарапшылары. Жасанды интеллект деректерді жинауды және ақпаратты өңдеуді автоматтандыру арқылы көмектеседі. Мысалы, жасанды интеллект журналистерге ақпаратты талдауда көмектеседі. Жасанды интеллекттің журналистика саласындағы рөлі туралы түрлі пікірлер бар. Кейбіреулер жасанды интеллект журналистің жұмысын жеңілдетіп, жаңалықтарды қысқа уақытта оңдеуге көмектесетінін айтады. Басқалары жасанды интеллект әлі де оқиғаларды зерттеу, сұхбат жүргізу және кешенді талдау жасауды толығымен алмастыра алмайды деп санайды. ЖИ үлкен көлемдегі деректерді адамдарға қарағанда тезірек талдай алғанымен, бірақ терең, бай мазмұнды мақала жаза алмайды. Сарапшылар пікірінше, жасанды интеллект журналистерге көмекші ретінде қызмет етуі мүмкін, бірақ олардың орнын толық алмастыра алмайды. Сондықтан журналистердің рөлі әлі де маңызды болып қала береді. Соның бірден бір мысалы – 2017 жылы Қытайда Гуанчжоу қаласындағы «Southern Metropolis Daily» жергілікті БАҚ робот репортері Сяо Нянның алғашқы мақаласын жариялауы. Тақырып Гуанчжоу-Чжэнчжоу бағыты бойынша билеттерді сату жайлы болды. Робот репортерлі эфирлеуші профессор Ван Сюэньдің айтуынша, мақала мәтіні бір секундта жазылған. Профессор жасанды интеллект роботы тек деректерді талдай алатынын, адам секілді сұхбат немесе диалог жүргізе алмайтынын, сол себепті алдағы уақытта да жасанды интеллект журналистің орнын толық алмастыра алмайтынын алға тартады.

2-БЕТТЕ



Ақмешіт

Аялаймын сені, Қызылорда!

29 қазан
сейсенбі

№86 (2096)

2024 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

Әлем таныған Әбе

Биыл халық жазушысы, Қазақстанның Еңбек Ері Әбдіжәміл Нұрпейісовтың туғанына 100 жыл толды. Тұғырлы туындыларымен қазақ әдебиетіне серпін беріп, әлем таныған жазушының мерейтойы қарсаңында Алматы қаласында Жазушылар Одағының бастамасымен халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Жазушының құрметіне ұйымдастырылған жиынға мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, отандық және шетелдік ғалымдар, зиялы қауым өкілдері, қоғам қайраткерлері қатысты. Ұлықтау шарасында мәдениет және ақпарат министрі А. Балаева мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының құттықтау хатын оқыды.

Конференция барысында ғалымдар қоғам қайраткерінің шығармашылығына кеңінен тоқталды. Сонымен қатар Алматы қаласы әкімінің орынбасары А. Қалдыбеков, ТҰРКСОЙ ұйымының төрағасы С. Раев, Халық жазушысы С. Елубай, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Н. Оразалин, халық әртісі А. Әшімов, мемлекет және қоғам қайраткері Қ. Көшербаев, Қырғыз Республикасының ақыны М. Азаматов, жазушының қызы Ш. Нұрпейісова классик жазушының сан түрлі тұлғалық қырларын туралы айтты.

Танымдық шараға облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов бастаған Сыр өңірінің арнайы делегациясы да барды. Жиында облыс әкімінің орынбасары Ш. Байманов аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың құттықтауын оқып, конференция ұйымдастырушылары мен қатысушыларына сәттілік тіледі.

– Жакында Алматы қаласында халық жазушысы Ә. Нұрпейісовтің 100 жылдығына арналған екі бірдей



халықаралық конференция болып өтті. Әбдіжәміл Нұрпейісов шетел жазушыларымен тығыз шығармашылық байланыста болған қазақ жазушысы. Әйгілі француз жазушысы, аудармашы Ив Готье Әбеге деген ыстық ықыласын білдіріп, француз оқырмандарының атынан жылы лебізін жеткізді. Сондай-ақ Ресей жазушысы, баспагер Георгий Владимирович Прякин, түрік жазушысы Икрам Өзтуранның, өзбек ақыны Хуршид Даврон, эрбайжан ғалымы Низами Мамедов, Литвадан келген орыс жазушысы Эргали Гер, қырғыз прозашысы, кинорежиссер, продюссер Далмира Төлепберген де жазушының туындыларын шетелдік

оқырмандары сүйсіне оқытынын айтты. Сонымен қатар жазушының құрметіне Алматыда қаласындағы М. Төлебаев көшесіндегі 156 үйдің қабырғасына ескерткіш тақта орнатылды. Шығармалары әлем әдебиетінен өзіндік орын алған, Сыр елінен шыққан заңғар жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің болмысы осылайша кең көлемде насихатталды, – дейді делегация мүшесі, ақын Қаршыға Есімсейітова.

Ұлы суреткерді ұлықтауға арналған шара соңында жазушының рухына арнап ас берілді.

«Ақмешіт-ақпарат»

«МЕРЕЙ» – заманауи тұрғын үй кешені

Шаһардың сәніне сән қосып, көкпен таласқан зәулім ғимараттар салынууда. Халықтың сапалы өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау мақсатында салынып жатқан «Мерей» тұрғын үй кешені – осындай нысандардың бірі. Облыс әкімі заманауи тұрғын үй кешеніне барып, көпқабатты тұрғын үй кешенінің құрылыс жұмыстарымен танысты.



СҰХБАТ

Амандық БҮРЛІБАЕВ,
Жыраулар үйінің директоры:

АМЕРИКАНЫҢ ӨНЕР ЗЕРТТЕУШІСІ ӘКЕМДІ ІЗДЕП АУЫЛҒА КЕЛГЕН ЕДІ

Сыр өңірі – жыраулық өнермен әлемге аты шыққан шайырлар мекені. Солардың бірі – Тұрмағамбет ауылының тумасы Амандық Бүрлібаев табиғаттың ерекше дауысымен таңдай қақтырған талантты тұлға Қуандық Бүрлібаевтың ұлы. Амандық та әкесі аманаттаған қара домбырасын қолға алып, өнер жолында талмай еңбек етуде. Бүгінде өнердің сара жолын бойына тұмарлаған ол аймақтағы Жыраулар үйінің директоры қызметінде. Үкiлi домбыраны жанына серiк еткен жыраумен сұхбаттасудың сәтi түстi.



4-БЕТТЕ

Баспасөз-2025

АҒАЙЫН,
«АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА»
ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?

Баспасөзге 2025 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу жүруде.

Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңізге жазылуды ұмытпаңыз.

Жекелер үшін 6 айға – 3000 теңге, мекемелер үшін – 4000 теңге.

Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар: 40-05-81, 70-14-08.

Айы-күні жетпей дүние есігін ашқан сәбилерді медицина тілімен «шала туғандар» деп атайды. Алайда ағзасы жетілмей дүние есігін ашса да, өліммен күресіп, өмір сүруге ұмтылатын, оны женетін нәрестелер көп. Шала туған балалар – бұл медициналық және әлеуметтік проблема. Өкінішке қарай, жыл өткен сайын олардың саны азаяр емес. Демек, дәрігерлердің көмегіне мұқтаж бөбектер қатары да көбейе түсуде.

ШАЛА ТУҒАН ШАҚАЛАҚТАР НЕГЕ КӨБЕЙДІ?



244 грамм – әлемдегі ең шала туған баланың салмағы. Бір қуанарлығы, бала аман қалды. Сонымен қатар Германияда жүктіліктің 25 аптасында дүниеге келген, салмағы 250 грамм ғана болатын бөбекті аман алып қалуға сәтті түскен. Ресейде бүгінде 500-700 грамм салмақтағы нәрестелерді аман алып қалауда. Жоғарыда атап кеткендей, баланың шала тууы сирек кездесетін жағдай емес. Статистикаға сәйкес, жүкті әйелдердің 100 пайызының 5-10 пайызы шалабайларды дүниеге әкеледі.

Осыдан біршама жыл бұрын шала туған балалардың тірі қалуы екіталай еді. Ал бүгінгі медицинаның қарқынды дамып жатқан уақытында салмағы аз, шала туған нәрестелер адам қатарына қосылып жатыр. 25 аптада, тіпті одан да аз аптада дүниеге келіп, небәрі 1000 грамм болып туатын балалар да бар. Медицинада мұндай балаларды «экстрималды шала туған нәресте» деп атайды.

3-БЕТТЕ

Алақандай ғана...

Облыстық перинаталдық орталығында жыл басынан бері осы кезге дейін 400-ге жуық бала мерзімінен бұрын дүниеге келді. Орталықта шала туған сәбилерді күтуге, бағуға, оналтуға қажетті жабықтардың бәрі бар. 500-600 грамдық шақалақтарға өмір сыйлау дәрігерлердің дәстүрлі ісіне айналды десе болады.

Айта кетейік, жыл басында бір жүкті ана 27 апта мерзімінде оперативті жолмен салмағы 570 грамм, бойы 32 сантиметр, алақанға сыятын шақалақты дүниеге әкелді. Өмір есігін ерте ашқан сәби ерекше күтімді, сапалы емдеуді, ұзақ уақыт бойы бақылауды қажет етті. Сол кезде ақ халаттылар баланың жанын сақтап қалу үшін барын салды.

Ерекше күтімнің, білікті мамандардың, жоғары технологиялық құрал жабықтардың арқасында аса ұқыптылықпен күтім жасалып, сапалы емдом жасалды. Үш айдан соң салмағы 2110 грамға жетіп аман-есен анасымен үйіне шықты. Міне, бұл орталықтағы жайттың бірі ғана.

Неонатологтың өз айтары бар

Неонатолог – сәби өміріндегі алғашқы дәрігер. Бұл мамандар жаңа туған нәрестелерді бақылап, емдейді. Шала туған нәрестелер жағдайында неонатологтар босануды қабылдап қана қоймай, басқа дәрігерлермен бірге сәбилердің өмірін сақтап қалуға атсалысады.

Облыстық перинаталдық орталықтағы неонатология қызметі бойынша бөлім меңгерушісі Ләйла Бегалықызы:

– Орталықта 500-600 грамнан басталатын шала туылған нәрестелер өмірге келді. Олардың терісі өте нәзік болады. Денесін ұстасаңыз, сол жер қызарып қалады. Шала туғандардың өздері мерзіміне қарай дәрежеге бөлінеді. Айталық, 500-999 грамдық сәбилер «экстрималды шала туған нәресте» деген дәрежеге жатады. Біздің аймақта бұл салмақта дүниеге келгендердің өмір сүру қабілеті 50 пайызды ғана құрайды. Әйткенмен осындай шақалақтарды аман алып қалу үшін күрестік. Оның өзі көп күшті қажет етеді. Оған қоса ата-анасының да ықпалы балаға тікелей әсер етеді. Туа салысымен балаға анасының уызын береміз. Іше алмаса да аузына тамызамыз. Арасында анасының кеудесіне де жатқызамыз. Өйткені бала оны сезіну керек. Жалпы аппараттағы емнен бөлек, осындай тәсілдерді пайдаланамыз.

Өмірде нәрестенің шала туу себептері өте көп. Біріншіден, ол анасының денсаулығына тікелей байланысты. Мәселен, дені сау анандан дені сау бала дүниеге келеді. Дегенмен мерзімінен бұрын босануға түрткі болатын ең негізгі деген себептерді атап көрсетуге болады. Ең негізгілерінің бірі сыртқы факторларға, әсіресе, болашақ ана жұмысының химиялық, зиянды өндіріске қатыстылығына байланысты орын алады. Ұзақ уақыт тік тұру, ұзақ жүру немесе бір калыпта отыру өте зиян. Әйелдің ішкі жағдайы да, шектен тыс үрейлену, стресс, толқу тәуекелді еселендіре түседі. Сонымен қатар әйел мен ердің арасындағы жыныстық қатынас арқылы жұғатын инфекцияның түрі де себеп бола алады. Экологиялық аймақтың да әсері бар. Оған қоса әйел адам дұрыс тамақтанбаса да, әлеуметтік жағдай да үлкен рөл атқарады. Сондықтан болашақ ана бүкіл алаңдаушылықтар мен үрейлерді ысырып қойып, сабырлы болып, жақсы нәрсе ойлауы тиіс.

Тағы бір айта кететін мәселе, жылдан-жылға шала туған шақалақтар саны азайып жатқан жоқ. Неге? Өйткені экологиялық аймақ болғандықтан әйелдердің денсаулығы да маз емес. Ал босану жағына келсек, жыл артқан сайын оның саны төмендеп келеді. Карантиннің кезінде туу көрсеткіші жоғары болды. Бірақ одан кейін бұл көрсеткіш төмен түсті. Себебі қазір көбі жұмысбастан, күйбең тірлікпен жүр.

Маман ретінде айтарым, болашақ аналар жүктілікті жоспарлау кезінде алдын ала дайындалу керек. Алайда көбіне қазақ әйелдері дайындала бермейді. Денсаулыққа қарамайды. Соның салдарынан шала туғандар саны артады, – деді бөлім меңгерушісі.

Шалабайлар көбеймеу үшін не істеу керек?

Аналар ең әуелі мәселені өздерінен бастау керек. Сонда ол қалай? Бұл сұраққа облыстық перинаталдық орталықтың босану бөлімінің акушер-гинеколог дәрігері Сымбат Құлмағанбетова жауап берді.

– Мезгілінен бұрын босану – жатыр қабырғасынан дұрыс орналасқан плацентаның жартылай және толық бөлінуі, ұрық туылғанға дейін жүктілік немесе босану кезінде орын алады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының анықтауы бойынша егер жүктілік 22 апта және одан аса мерзімде тоқтатылса, ал нәресте салмағы 500 грамм және одан аса және жаңа туған нәресте 7 күн ішінде өмір сүріп кетсе, онда босану мезгілінен бұрын және іштегі нәресте салмағы экстрималды төмен болып саналады.

Қазір мерзімінен бұрын босанып қалатын аналар саны көп. Әсіресе Жаңақорған, Арал, Қазалы аудандарында. Әрине, мұның түрлі себебі бар. Кейбіріннің қан қысымы көтеріліп кетеді. Одан кейін уақытынан бұрын су кетіп қалуы мүмкін.

Жалпы ерте босанып қоймаса үшін әйелдер жүктілікті дұрыстап жоспарлауы қажет. Яғни денсаулықты күтуден бастау керек. Егер де оларда жүрек, бүйрек жағынан қосымша аурулары болмаса, әйелде ондай патология кездеспейді. Кей әйелдерде созылмалы бүйрек ауруы жиі кездеседі. Оған қоса қант диабетімен ауыратын нәзік жандар үшін де қажет. Сондай-ақ инфекция жұқтырған әйелдер емделмей келетін кездері де болады. Міне, соның салдарынан бала шала туылады. Тағы бір айта кететін мәселе, кей жағдайда босанған әйел баласын емізіп жүріп артынша тағы да көтеріп қойса, жатыр мойны жетіспеушілігі орын алады. Яғни жатыр мойны баланы ұстап тұра алмайды. Мұның соны ерте босануға алып келеді.

Негізгі мерзімінен ерте босанып қалған аналар ол үшін өздерін кінәламауы тиіс. Өйткені өзін кінәлау сезімі өмір шындығына шынайы қарауға кедергі келтіреді. Ал ананың жинақы әрі салқынқанды болуы бөбек үшін өте қажет. Ана сәбиге тыныштық, сүйіспеншілік, бәрі жақсы болады деген сенімділік бере алады. Себебі балалардың айналадағы құбылысты сезіп жататыны және біздің көңіл-күйіміздің оларға әсер ететіні белгілі. Сонымен қатар жас босанған анаға оның жақындарының, бөбектің әкесі мен өзге де туған-туыстарының қолдауы өте қажет, – деді акушер-гинеколог.

ШАЛА ТУҒАН ШАҚАЛАҚТАР НЕГЕ КӨБЕЙДІ?



Шала туғандар қандай күтімді қажет етеді?

Аз салмақта туылған нәрестелерді күтіп-баптап, өмірге икемдеп, аман алып қалуға неонатолог-дәрігерлер мен балалар мейіргерлерінің еңбегі өлшеусіз. Осы тұрғыда біз облыстық перинаталдық орталығының неонаталды блок мейіргері Айман Күлдееваға хабарластық.

–Өз тәжірибемде шала туған сәбилермен жиі кездестім. Есімде ерекше қалған бір жағдай бар. Бір нәресте 28-ші аптада туылып, салмағы шамамен 900 грамм ғана болды. Оған арнайы инкубатор мен тыныс алу аппараттары қажет еді, себебі өкпесі толық жетілмеген болатын. Осы сәбиге ерекше күтім жасалды, оның әрбір дем алысы мен дене қызуын қатаң бақылауда ұстадық. Содан ол шамамен екі жарым ай инкубаторда жатты. Осы кезеңде сәбидің салмағы 2 келіге дейін көтеріліп, өздігінен тыныс ала бастаған кезде ғана ауруханадан шығару мүмкіндігі туды. Нәресте ата-анасымен үйіне сау күйде оралуы үшін шамамен үш айдай күтім қажет болды.

Шала туған сәбилер – бұл жүкті кезеңнің 37-ші аптасына дейін туған балалар. Олардың ағзасы толық жетіліп үлгімегендіктен, ерекше күтімді қажет етеді. Сонымен қатар дене салмағының төмендігімен, тыныс алу жүйесінің толық қалыптаспауымен және иммундық жүйенің әлсіздігімен ерекшеленеді. Сол себепті біз әрдайым шала туған сәбилерге мұқият, арнайы күтім көрсетеміз. Бұл – біздің міндетіміз.

Шала туған сәбилерге күтім жасау үшін ең алдымен жылы ортада ұстау, тыныс алуына көмектесу және тамақтандыру маңызды. Сәбилерді инкубаторда ұстау олардың дене температурасының тұрақты болуын қамтамасыз етеді, ал кейбіріне арнайы құрылғылар арқылы қосымша оттегі беріледі. Қоректендіру кезінде, егер олар өздігінен емізуді үйренбесе, зонд немесе арнайы бөтелкелер пайдаланылады. Сонымен қатар инфекциялардан қорғау үшін барлық процедуралар стерильді жағдайда жүргізіледі. Мерзімінен бұрын туған сәбилердің қалыпты дамып, жетілуі үшін ата-аналардың, дәрігерлер мен мейіргерлердің ынтымақтастығы өте маңызды. Осы бөлімде жұмыс істегендіктен әр балаға өз баламыздай қараймыз. Олардың өмірі үшін күресеміз. Кейіннен барлық қауіп артта қалып, олар үйіне аман-есен шығар кезде біз де қуанып жүреміз, – дейді мейіргер Айман.

Мамандар нені ескертті?

Бүгінде әйелдер арасында темекі шегу «сәнге» айналды. Ол жүктілік кезінде нәресте денсаулығына теріс әсер етеді. Егер сіз жүкті болғанға дейін темекі шегіп, бірақ бала біткеннен кейін немесе жүктілік туралы білгеннен соң темекіні тастайтын болсаңыз, қиындықпен босану тәуекелі екі есе кемиді. Егер сіз жүкті бола тұрып, темекіні тастамасаңыз, нәрестенің шала туу, әсіресе, 30 аптадан ерте туып қалу қаупі бар. Міне, осы мәселені де мамандар назардан тыс қалдырмады. Сонымен бірге әкенің темекі шегуі де қолайсыздықтар туғызады.

Сондай-ақ болашақ ананың жасы да мерзімінен бұрын босану қаупін күшейтеді. Егер ол тым жас (15-18 жаста) немесе керісінше 35-40 жасқа жеткен болса, гормондық теңсіздік салдарынан мерзімінен бұрын туу тәуекелі арта түседі. Жыныстық аурулардың да өзіндік салдарлары күшті. Сонымен қатар болашақ ананың диетасы, әсіресе, егер жүкті болғанға дейін ол ашығу тәсілін қолданып, арықтаумен айналысса, ол да айрықша назар аударуға тұрарлық. Мұндай әйелдерде гормондық қызмет зардап шегіп, күрт арықтау да көбіне-көп мерзімінен бұрын босану тәуекелінің факторына айналып жатады.

Сондай-ақ, егер ананың жүрегі, бүйрегі немесе өкпесі ауырса, олар жиі асқынып тұрса, ол міндетті түрде бөбекке әсер етеді. Сондықтан ондай әйелдерге жүктілікті алдын ала жоспарлау және өз ауруларын мұқият емдеу жөнінде кеңес беріледі. Жүктілік кезінде ота жасату мен жаракат алу, токсикоз да қауіпті.

Қызымды тымаққа салып өсірдік

Бұл – қала тұрғыны, үш баланың анасы Бисенай Мендібаевның сөзі. Ол тұңғыш қызын мерзімінен ерте босанған.

– Бірінші қызымды жеті айлығында босандым. Салмағы – 1 келі 700 грамм. Мен де аяқастынан су кетіп қалды. Сол себептен де болар, босануым өте қиын болды. Оған қоса босану кезінде баланың басына сокқы тиді. Содан бір ай ауруханада жаттық. Дәрігерлер баланың басын байлап қойды.

Негізгі дәрігерлер сәбиді екі келіге жеткізіп барып, үйге шығарамыз деген. Оған ондай салмақ жинай алмадық. Небәрі 1 келі 900 грамм болған кезде енем келіп, қолхат жазып, үйге алып шықтық. Қызымның несібесі болар, ол жаз айында дүниеге келді. Сол кезде қайын атам қазақтың ырымы бойынша қызды тымаққа салып, керегенің басына іліп қоятын. Одан атам немересін қолына алып, көтергісі келсе, қолына алдымен жастық қойып, соның үстіне қызымды жатқызып қоятын. Кішкентай болғаны сонша, қолға еркін ұстауға келмейтін. Одан ешкінің сүтін беріп өсірдік. Ешкі сүті бала үшін өте пайдалы.

Міне, қазір осы қиындықтың бәрі көрген түстей болып қалды. Еске түссе бір күліп аламыз. Бүгінде сол тұңғышымның өзі ана атанып, немерелерді сүйіп отырған әжемін, – деді қала тұрғыны.

27 аптада босанған ана

Көпбалалы ана әрі қала тұрғыны Жанна Ержанова да кіші қызын мерзімінен ерте босанғандар қатарына жатады.

– Жүктілік кезінде қан қысымым жоғары көтеріліп кетіп, қызымды 27 аптада босануға тура келді. Арнайы аппаратта жатты. Біраз күтімді қажет етті. Баланың жүрегі мен өкпесін одан әрі дамыту керек болды. Ему рефлексі дұрыс дамымаған соң үш ай зондпен тамақ ішкіздік. Бір жағынан өзім медицина саласының маманы болғандықтан да, аса қиынға соққан жоқ. Себебі мұндай баланы қалай күту керектігінен хабардар болдым. Арнайы өзімді дайындадым. Негізгі дәл сондай сәтте алдымен анаға өте қиын болады. Сол кезде ерте босанған аналарға жан-жақты демеу керек. Жақындарының қолдауы қажет. Ала ананың баласына «бәрі жақсы болып кетеді» деген сенімі, махаббаты жоғары болуы керек.

Қазір әуелі Аллаға, содан кейін жақсы күтімнің арқасында қызымның денсаулығы жақсы. Оқуда озат оқушының бірі. Екі жасқа дейін бәрі қалыпқа келді. Жүрегінде тесік бар деген болатын.

Ол тесік бітеліп кетті. Егер балаға жақсы назар салып қараса, бар қиындықты жеңуге болады, – деді көпбалалы ана.

Алайда шала туған балалардың дамуы алғашқы жылдары кешуілдегенмен, кейіннен өмірге тез бейімделгіш, қиындыққа төтеп берер қайтпас қайсар, пысық әрі алғыр бала болатындығы зерттеулер бойынша анықталған. Бұл – рас. Себебі кейіпкерлеріміздің мерзімінен ерте босанған қыздары да өмірде өте алғыр, ақылды әрі пысық.

ТІЛШІ ТҮЙІНІ

Мамандардың айтқандарын саралап, түйіндей келе аналарға айтарымыз, ең бастысы, мерзімінен бұрын босану жағдайында өзіндік өзін кінәлаудың реті жоқ. Ол табиғатқа және жағдайдың беталысына байланысты орын алады. Ана үшін ең негізгі керекті – сіздің нәрестенізге қажет көмекті, махаббат пен қамқорлықты шынайы тұрғыда көрсете білу.

Ақтолық НҮРЛЫБАЙ

Сурет ашық дереккөздерден алынды

Басы 1-бетте



Өміршең өлең өрнектерімен баураған ақын

Өлең өлкесінде өзіндік өрнегімен танылған белгілі журналист Қаршыға Есімсейітованың есімі бүгінде қалың оқырманға кеңінен танымал. Ақынның сыршыл лирикаға толы жыр жинақтары жыр-сүйер қауымның жата-жастана оқитын туындысына айналды. Поэзия әлеміне өзіндік буырқанған шабытымен келген шығармашылық кесінің есімінің қойылуы сыры да ерекше.

Ен байлығым туған жердің төсінде,
Қалың елім Сырдың бойын жайладым.
Жаным тыныш, ұрпағым бар саналы,
Өркендетті ауыл менен қаланы.
Шат күлкілі сәбилер жүр соңымда,
Бөлек нұрға күн менен Жер-Ананы.
Ақын құдіретті Жер-Анаға деген
махаббатын ерекше нәзіммен, тың
ұйқаспен тебірене жырлайды. Ақынның
ұлылығы қол жетпес айға қол созбай,
туған жерді түлетуге тер төгуінде еді.

Жалғандығын мына өмірдің ойлап
тағы қамықтым,
Қуаныш пен қайғы арасын
бағамдадым, қанықтым.
Менің жаным кейде албырт, кейде
дауылы соғатын,
Сондықтан да жазарым да айтарым
анық тым.

Бұл өмірдің сабағынан мол мағлұмат
алыппын, – деген өлең шумақтарында
философиялық ой түйіндеп, өмір саба-
ғының айтары мол екенін, дүниенің жал-
ғандығын, тіршілікте қайғы мен қуаныш
алмасып отыратын құбылыс екенін шебер
суреттейді.

Лирик ақын бір сәт сезімнің жетегіндегі
көңіл күйінің аласпыран сәтін
толғайды.

Үнсіз жүріп, өз-өзіне тіл қатқан,
«Сабыр бер» деп Тәңіріне үн қатқан.
Жұмбақ жанмын, шулы ортадан
жырақтап,

Оңашада қиял мініп түн қатқан.
Мың жігіттің көзіндегі нұрына,
Шомылсам да бір-ақ жанды ұнатқам!
Тіл қатады, ол да маған жырақтан.
Неткен жұмбақ өмір күйін сұратқан.
Шөлдіретіп, адастырып бұлақтан,
Неткен ғажап! Миллиондардың

ішінен,
Жүрегімді бір өзіңе құлатқан
О, Тәңірі! Сөзімдерім ала қашпай
алысқа,

Өз ортама, отбасыма тұрақтан.
Жауап іздеп сабылма сан сұрақтан.
Сезім сыры сан тарау. Жүрек соған
жалғыз әмірші. Ақынның айтпағы сезім
патшалығының құпия әлеміне бойлап,
жүрек лүпілін тыңдау. Бір адамға деген
құштарлықты көңілге бекіту, сол сезімнен
ләззат алу, өмірге құштарлықты ояту.
Ақ кумістер зергер көктем төгіліп,
Мен келемін, таңғы нұрға малынып.
Ағаш біткен өрнектейін өріліп,
Тұра қалған ақ моншақтар тағынып
деп зерлеген жырда да ақын сезімінің
моншақ тамшысы бар. Табиғатпен егіз
ақын жүрегі сыршыл да, сезімтал.

Сезімдерім жанымның жапырағы,
Мені терең ойларға батырады.
Қалтырайды жүрегім жел өтінде,
Уана алмай шырылдап жағыр әлі.
Ақ қырауға малынып атырабы,
Муза - дала серуенге шақырады.
Муза - даламен серуенге шығып, өлең
өлкесінің керемет баурайында жырдан
шашу шашып, ел көзайымына айнала
берініз, Қаршыға ақын!

Г. ҚОЖАХМЕТОВА

– Амандық Қуандықұлы, сіз ерекше дауысы бар дарынның ұрпағысыз. Әкеңіздің жолын қуып жыршылық өнерді жалғап жүрсіз. Тектіңіз жаққан шырағындай болып, ұлы өнерді жалғаудың қиындығы да салмақты болар.

– Ұстазым Алмас ағамыздың «Біз өнерге бір күнде келген жоқпыз және бір күнге келген жоқпыз» деген сөзімен бастайын. Өзім жүз жырауын жүзіктеген Тұрмағамбет ауылында дүниеге келдім. Әкем белгілі жырау Қуандық Бүрлібайұлы өзінің аз ғұмырында әлем сахналарында жыр-жырлап, Жапон елінің астанасы Токио қаласындағы әйгілі «Ацтек» залында

Амандық БҮРЛІБАЕВ, Жыраулар үйінің директоры:

АМЕРИКАНЫҢ ӨНЕР ЗЕРТТЕУШІСІ ӘКЕМДІ ІЗДЕП АУЫЛҒА КЕЛГЕН ЕДІ

өткен дүниежүзілік фольклорлық «Оценк» фестиваліне қатысып, өз дауысын дүниежүзілік өнердің алтын қорына қалдырды.

Бұл қазақ өнері тарихында Жапон елінде жыраулық өнерді насихаттау барысында жасалған алғашқы қадам еді. Оны бірінші болып бастаған әкем жырау Қуандық Бүрлібайұлы болатын.

Осы фестивальде жырау Қуандық Бүрлібайұлының өнеріне тәнті болған Американың өнер зерттеушісі Мадисондағы «Висконсин» университетінің профессоры Уолтер Зеф Фельдман мырза өз еліне шақырған еді. Бірақ әкеме ол елге бару бақыты бұйырмай өмірден өтті.

Айтайын дегенім, осы Зеф Фельдман мырза әкемнің қазасын естіп, сонау мұхиттың әр жағынан анама, біздің отбасымызға көңіл айтып келеді деп үш ұйықтасақ түсімізге де кірмеңгі. Бірақ сол Зеф Фельдман мырза Тұрмағамбет ауылындағы біздің шаңырағымызға келіп, отбасымызға көңіл айтты. Мұның өзі өнерге деген құрмет деп білдім.

– Өзіңіздің репертуарыңызда қанша жыр бар?

– Репертуарымда көптеген толғау-терме, айтыс-мысал, «Көрұғлы» дастанының 1 бөлімі, Тұрмағамбет Ізтілеуұлының «Рауа Бану» дастаны бар.

– Өнер жолы оңай емес. Неше жастан бастап дүбірлі өнер додасына жол тарттыңыз? Бауырларыңыздың ішінде жыраулыққа бет бұрғаны бар ма?

– Шаңырақта төрт ұл, төрт қыз тәрбиелендік. Мен үйдің ең кенжесімін. Бәріміз де ән айтамыз. Негізі жыраулық өнер қанмен беріледі. Әкем таңертең, түсте, кешкісін қолынан домбырасы түспейтін. Рүстембек, Мұзарап жырауларды тыңдап өстік. Біз де әкемді тыңдау арқылы мақамды да, сөзін де жаттағанбыз. Ауылда екі-үш сағат клуб үстіндегі дауыс зорайтқыштан жыраулардың термесі қосылып тұратын.

тиваль өткізу де алдағы жоспарымыздың бір бағыты.

– Ақындық өнерден де кенде емес екенсіз. Өкенізге арнап жазған өлеңіңіз бар ма?

– Әкем өмірден өткен соң бір жылдан кейін естелікке толы жыр шумақтары ойыма оралып, қалам ұстадым.

Жан Көке, жылдан асты кеткеніңе,
Тағдырдың тайып түсіп өткелінде.
Арманың жыр бестігі мінгізу ед,
Көрмедім тізгін қағып жеткенімде.
Күлімдеп мейірімді төккенінде,
Жанымда жыр-бәйшешек көктеді де.
Белдеуде боз құлындай қала бардым,
Тәнті боп бір Алланың еткеніне.
Саңқылдап сұңқар даусың әлемді алып,



ағамның Байқоңыр деген баласы «Тасберген жырау» үйірмесіне қатысып жүр. Сол бауырым ата жолын ұстанса деймін.

– Жыршылық өнерге жастардың қызығушылығы қандай?

– Ұлттық өнеріміздің қатарындағы күйшілік, қобыз, қолөнермен ғана шетелдіктерді тәнті етеміз деп ойлаймын. Қазіргі жастардың жыраулық өнерге ұмтылысы жақсы. Шәкірттеріміз Бақуға барып, 15 мемлекет қатысқан халықаралық конкурстан жүлде алып келіп жатыр. Қазалыда мәдениет үйінің жанынан жыраулар дайындайтын бөлім ашылды. Сонда тәрбиеленген шәкірттер жоғарғы оқу орындарында дәстүрлі өнер бағытында білім алуда. Аралдағы Жыраулар үйінде – 155, Қармақшыда – 160, Шиелиде – 70-тен астам бала ұлттық өнерімізді үйреніп, дәріс алуда. Жыраулық өнер – ұлттық кодмыз. Мұны жоғалтып алмау үшін жанашырлық қажет. Біз жыраушыны да, тыңдаушыны да тәрбиелеудеміз. Осы ретте мына бір жайға ерекше тоқталғым келеді. Қызылордадағы Қорқыт ата атындағы университеттің ректоры Бейбіткүл Кәрімовамен жолығып, оның ұлттық өнерге деген құрметінің ерекше екеніне риза болдым. «Дәстүрлі өнер» институтындағы ғимараттың сыртында, әрбір қабаттың дәлізінде жыр қосылып тұр. Жүрек тебіренеді. Патриоттық сезім оянады. Қала, аудан мектептері де осыдан үлгі алса нұр үстіне нұр болар еді.

– Бүгінгі таңда Жыраулар үйін басқарып отырсыз. Қандай жобалар қолға алынууда?

– Жыраулық өнер ерте туып, кенже дамығаны белгілі. Қазіргі көзі тірі жыраулардың ішінде 85-90 пайызында арнайы ұнтаспа жоқ. Сыр бойындағы жыраулардың ұнтаспасын дайындауға талаптанап жатырмыз. Мақсатымыз – бізге дейінгі жыраулардың ұнтаспасын тазалау, олардың мақамын өз деңгейінде сақтау. Ғалым, фольклор зерттеушілерде бұрынғы жыраулардың дауыстары бар екен. Келер жылдан бастап жыраулар үйінде ғылыми ізденісті жандандыру қолға алынбақ. Дәстүрлі орындаушылар арасында халықаралық фести-



Деп едім қия шынға беттеді ме,
Сап тынып бала көңілім суып қалды,
Өміріңнің мұнша жылдам өткеніне.
Мән бермей мағынасына енді іздедім,
Сиректеу шаптан сипап өпкеніне,
Сұм ажал айтып келмейт, қайтып бермейт,
Көлдей ғып көздің жасын төккеніне.
Аз ғұмыр ай батқандай адастырып,
Талайдың еңбегін еш етпеді ме,
Ақтық сөз арманыңды естімедім,
Жаратқан көргеніңді көп деді ме.
Баласы жүйрік аттың мүше ұстайды,
Наз белеу паркы басқа тектерінде.
Жан Көке, жырдың туы жығылмайды,
Өнердің бұр шашармын көктемінде!
– Тағылымы сұхбатыңызға рахмет!
Өзіңіз айтқандай, өнердің көктемінде бұр аша беріңіз!

Сұхбаттасқан
Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА

Өнегенді тұмардай сақтап келем...

Мені әділдеп аялы алақанда,
Бағаасың сары уыз балапанға.
Бір түнгі еңбегіңді өтедім бе,
Анашым соны ойлаймын ала таңда.
Үйдеп жатқаныма бесігімде,
Көңілің болмаса да қошы мүлде.
Сырқаттанып тұрсаң да шыдамменен,
Жеткіздің бәрімізді осы күнге.
Жүрегім сыздап кейде толғанамын,
Естелік ақ жасулығың қолда барым.
Ертерек қаш айтқысып кете бардым,
Жарлығына Тәңірдің бар ма амалым?
Сүтіңнің бір тамшысын ақтап не екем,
Жаным жәйр құяды аппақ мекен.
Өлеңіммен ескерткіш орнатсам деп,
Өнегенді тұмардай сақтап келем.
Анашым жөргегімді жылы жауып,
Күзеттің түн ұйқыма ауық-ауық.
Соғыс салған жара да сыздап бәлкім,
Кетсе де қаниша жем мезгіл ауып.
Тезек теріп, нан жеміп бақша баптап,
Біз ауырсақ жүгірдің сасқалақтап.
Бала құсап қуанған шығарсың-ау,
Мен тәй-тәй басқаныма атпап-атпап.
Сүт кенжем деп өзімді дара көріп,
Баулақта толсам да бала көріп.
Тәттіңді де тыңқыштап беруші едің,
Перзентіңнің көздерін ала беріп.
Алақан май жезіңді ала таңнан,
Айналым сол жемі-жылы алақаннан.
Сол алақан мәлепел өсіріпті,
Әділдеп есейіпті балапаннан.
Қарыздармың қалайша жасыра алам,
Жүрегімде есімің асыл анам.
Білегің талып бесік тербеткенсің,
Сол күндерді сағаның есіме алам.
Көрмеппін жадырап бір күлгеніңді,
Шалқып басып қыдырып жүргеніңді.
Жеткізем деп біздерді қиалдың ба,
Тауқыметтен қажып не ең күнбе-күнсі.
Өзіңнің тәліміңді ұмытпадым,
Анашым, сен ұлысың шың ұққаным.
Жүрегімде аялап есіміңді,
Ғұмыр бойы атыңды ұлықтадым!

Гауһар АСҚАРҚЫЗЫ

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА
жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабалдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескерілген. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 3498 Тапсырыс №1692

Нөмірдің кезекші редакторы Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА